

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

**«ЛИНГВИСТИКА: АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»**

атты студенттер мен жас ғалымдардың Республикалық ғылыми-теориялық  
симпозиум

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 2014 жыл, 18 наурыз

Для сравнения возьмем три основных традиционных и три современных инновационных подхода к организации изучения иностранных языков и попробуем сфокусироваться на использовании ими познавательной активности обучаемых.

## Традиционный подход

*Структурный/лингвистический подход:* обучает языку как системе структурно-родственных элементов по значению.

*Функциональный подход:* рассматривает язык как средство выражения или выполнения определенной функции (например, просьба о чем-либо). Учитывается, что самая значимая функция языка – это общение, понимание, познание. Человек всегда находится в общении, даже когда он молчит. Особенность функционального подхода заключается в том, что обучающийся всегда должен понимать, что он находится в коммуникативном пространстве и вступать в коммуникативный акт в любых случаях жизни.

*Интерактивный подход:* рассматривает язык как средство для создания и поддержания социальных отношений (эти отношения часто ориентируются на закономерности бизнеса, официальных переговоров). Интерактивный подход – это социально-коммуникативное общение в официально-деловой сфере) [6:20]. Этот подход был доминирующим с 1980 года, когда началась экономическая, социальная, политическая интеграция в зарубежной Европе (создание Общего рынка (середина 1980-х гг.), Европейский союз (1992), Европейская экономическая зона (1994), создание по Шенгенскому соглашению единого европейского безвизового пространства (1995) и т.д.).

## Инновационный подход

*Коммуникативный подход,* или коммуникативное обучение к языку (CLT): не фокусированное изучение норм, структур языка (грамматики, лексика, морфология), а обучение языковым функциям.

*Ситуативный подход* (Task-Based Learning): изучение языка в конкретной ситуации, использование языка для решения определенной задачи. В таких моментах изучающий язык будет искать выход из ситуации, это создает сильную мотивацию для изучения данного языка. При таком обучении акцент делается на коммуникативность, решительность и быструю воспроизводимость речи, а не на то, что обучающий делает какие-либо ошибки на обучаемом языке.

*Творческий подход:* обучение языку в сопровождении творческих (часто мультимедийных) занятия. Например, пение на изучаемом языке. Такой подход обучения используется как для изучения слов и выражений с помощью песен, так и во время отдыха (*сервитусати*). Многие современные сайты, обучающие иностранным языкам, используют именно этот подход для максимального быстрого изучения второго языка (например, сайт LinguoLeo - <http://linealco.ru/>). Для данного подхода характерен игровой стиль (использование во время обучения различных игр). Надо отметить, что творческое обучение языку часто проводится индивидуально и/или в онлайн режиме.

Как видим, разница между традиционным и инновационным подходами небольшая. Но нужно заметить, что структурный/лингвистический подход к изучению иностранных языков, который зародился в 1890-1930 гг. заметно отличается от современных

подходов. Очевидно, это связано с тем, что он сформировался при изучении латинского и греческого языков. Тогда важно было знать именно структуру, грамматику, нормы и правила данных языков. В современном мире глобализации, когда каждая минута дает шанс совершить сделку или потерять ее, изучать только лишь грамматику или структурные характеристики языка категорически не возможно. Сейчас важно знать не только нормы языка, но в то же время уметь их применять в нужное время и в нужном месте и достичь коммуникативного успеха.

Многие подходы, техники и методы, которые создавались в середине XIX века, со временем модернизировались, и в связи с меняющимися социальными, политическими, культурными, экономическими, историческими переменами обретали все новые формы.

В конце хочется сказать, что изучение иностранным языкам – процесс неизбежный. Глобализация и в том числе интеграция, как ее неизбежное последствие, способствуют интенсификации научных исследований в области обучения иностранным языкам.

#### Литература:

1. Курс общей лингвистики/Редакция Ш. Балли и А. Сеше; Пер. с франц. А. Су-
2. хотина. Де Мауро Т. Биографические и критические заметки о Ф. де Соссюре;
3. Примечания / Пер. с франц. С. В. Чистяковой. Под общ.ред. М. Э. Рут.— Екатеринбург: Изд-во Урал.ун-та, 1999.— 432 с.
4. [http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics\\_explained/index.php/Foreign language learning statistics#Main statistical findings](http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics_explained/index.php/Foreign_language_learning_statistics#Main_statistical_findings)
5. С.Ю. Головин. Словарь практического психолога.
6. Новейший философский словарь. — Минск: Книжный Дом. А. А. Грицанов. 1999.
7. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі // Словарь социолингвистических терминов – Астана: Арман – ПБ, 2008. – 392 б.
8. Richards, Jack C.; Theodore S. Rodgers (2001). Approaches and Methods in Language Teaching. Cambridge UK: Cambridge University Press. ISBN 0-521-00843-3.

### КЕЙБІР МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тлепбергенова М., 2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Мамбетова М.К.

*Кілт сөздер:* музыкатану, этимология, аспап атаулары

Ұлттық тіліміздің терең де сан қырлы қатпарларында сыры ашылмаған сөздер аз емес. Небір тарихы дәуірлердің күегері іспетті халықпен бірге

жасап келе жатқан, халқымыздың материалдық-рухани мәдениетін бейнелейтін аспаптар түрлерінің пайда болуы, оған әр қоғамның ықпалы олардың жасалу тарихы мен тұтыну ерекшеліктері музыкалық аспаптар атауларына тарихи-лексикологиялық, этимологиялық талдау жасау арқылы анықталады.

Этимология (грек. *etymos* – ақиқат, шындық, *logos* – білім) – сөз төркінін зерттеп, айқындаушы тарихи лексикологияның және жалпы тіл білімінің бір саласы болып табылады. Этимологияның зерттеу нысанына, негізінен тілдегі жеке сөздер, сөз тіркестері, грамматикалық тұлғалар жатады. Этимологиялық зерттеу нысаны тек мағынасы ұмыт болуына, не күнгірттенуіне байланысты жеке-дара қолданылмайтын сөздер, тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тілімізде дербес те жүйелі түрде қолданылатын жалпы лексика-грамматикалық мағынасы айқын сөздер мен сөз тұлғалары да бола береді.

Қазақ халқы музыкалық аспаптарға бай халық. Төменде біз *керней*, *дудыға*, *бұзышақ* және *жетіген* сынды музыкалық аспап атауларын тілдік тұрғыдан қарастырамыз.

*Керней* – үрлеп ойналатын аспап. Үрлейтін жағы сүйірлеу әрі жіңішке болып, дыбыс шығатын жағы кеңдеу етіп жасалады. Керней аспабы ертеректе салтанатты жиындар, діни рәсімдер мен халықтық наурыз секілді мерекелерде қолданылатын болған.

«*Керней, сырнай* тарттырып,

Барып түсті Алпамыс.

Қаракөз-айым үйіне», -

деп айтылатын эпостық жыр-дастандардан жаугершілік заманда жеңіспен оралған халық батырларының кернейлетіп ел ішіне келген қуанышты сәті аңғарылады [1, 80].

Музыкалық аспап атауының бұл түрі 9 еңбекте кездеседі. 1) «(кер-сап, сапта тұру мағынасындағы көне сөз, *най* сыбызғыға ұқсас ескі музыка аспабы) үрлемелі музыкалық аспап. Дыбыс шығаратын жағы қоңырауға ұқсас келген жіңішке жез түтік тектес, жалпы ұзындығы үш метр... Негізінен музыка аспабы ретінде (атой шақырушы, хабар беруші) Орта Азия мен Иранда кең тараған...» [ҚСЭ, 393 б.]; 2) Жезден жасаған, мойны ұзынша келген үрлемелі музыкалық аспап, сырнай [ҚТТС, 388 б.]. 3) Керней – мойнын ұзынша етіп, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап. (*кер-сап* сапта тұру мағынасындағы көне сөз; *най-сыбызғыға* ұқсас ескі музыкалық аспабы. Дыбыс шығаратын жағы қоңырауға ұқсас келген жіңішке жез түтік іспеттес, жалпы ұзындығы үш метр [ҚДМЭС, 39 б.]; 4) «Керней [*кер-сап*, сапта тұру мағынасындағы көне сөз] – үрлемелі музыкалық аспап. Түрі – жіңішке жез түтік іспеттес, ұзындығы 3 м., үні өте күшті, әсіресе төменгі дыбыстарды жақсы шығарады. *Керней* Орта Азия халықтарында, кейбір Шығыс елдерінде көп тараған, әсіресе әскери музыкалық аспап ретінде қарсы алған кезде тартылатын болған. Қазіргі кезде керней Өзбекстан мен Тәжікстанда салтанатқа шақыру ретінде тартылады» [ҚМТС, 61 б.] т.б. еңбектерде кездеседі. Жоғарыдағы еңбектерді өзара салыстырғанда керней сөзіне берілген анықтамалардың бір-біріне ұқсас екенін көруімізге болады

Келесі үрлеп ойналатын аспаптың бір түрі – *бұғышақ*. Маралдың немесе бұғының мүйізінен іші қуыс етіліп, үрлеп ойналатын тілшесі салынып жасалады. Бұғышақ ертеректе де, қазіргі кезде де көбінесе аңшылықта, әсіресе, бұғы мен марал өсірушілер арасында қолданылады. Үні бұғы мен маралдың дауысына өте ұқсас. Сол себепті аңшылар жайылып жүрген бұғы мен маралдарды бір жерге жинау, қаумалап ұстау үшін бұғышақтың үнін қолданады. Кейінгі жылдарда музыкалық фольклорымызда қолданыла бастаған бұл аспапты «*бұғы сыбызғы*», «*мүйіз қақпа*», «*бұғы шақырғыш*» деп те атайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде музыкалық аспаптың бұл түріне мынадай анықтама береді: «*Бұғышақ* – көне Қазақтың ертедегі музыкалық аспабы».

*Дудыға* – көнеден жеткен соқпалы-шулы аспап. Ерте замандарда тек әскер басылар мен жеке батырлар ұстаған аспап ретінде белгілі болған. Дудыға туралы: «...*Дудыға қағып, сырнайын тартып*» немесе «*дудыға сілкіп қағайын, дұшпанға ойран салайын*», - деп эпикалық жыр-дастандарда айтылады. Аспаптың жасалу әдіс-тәсілі өте күрделі. Жалпы тұрқы сегіз қырлы, күмбезді аспап. Шанағы шала иленген терімен қапталады, ішіне ұсақ сылдырмақтар, ал шанақ сыртынан еменнен жасалған ұсақ жарғақ қаққыш сәлпеншектер тағылады. Аспапты ырғактатып, шайқап, сілкіп ойнайды. «Аспап атауы батырлардың *ду-ду* еткен шайқасты көрінісі мен «ду-дуға қосылды деген ұғымнан туындаған», - дейді қазақ шежіресінің білгірі, этнограф Омар Хаймолдин. Ертеде оның асыл тастармен безендіріліп жасалатыны туралы да ел ішінде айтылады [1, 74].

Келесі тоқталатын аспабымыз соқпалы-шулы аспаптар қатарына жататын – дауылпаз аспабы.

Көнеден келе жатқан соқпалы аспап. Жасалу әдіс-тәсілі күрделі. Ертеде халық тұрмысында, жаугершілік заманда қорғаныс қару құралы ретінде айбар шегіп, қыр көрсету үшін қолданылған. Бергі уақыттарда көбінесе, аңшылық, саятшылық, құсбегілікте пайдаланылатын болды. Дауылпаз қазіргі кезде музыкалық мақсатта, жиі қолданылатын аспапқа айналды.

Бұл аспап атауына байланысты Б.Сарыбаев мынадай пікір айтады: «Дауылпаз деген атау қырғыздың доол – бас, азербайжанның тэбль – баас немесе ұйғырдың тевил – ваз дейтіндей, екі сөзден қосылған болса керек. Дауылпаз тектес аспаптар әр түрлі атпен түркі тілдес халықтар арасында кеңінен тараған».

Дауылпаз да, шындауыл да халықтың тұрмысында дабыл қағып, сигнал беру үшін пайдаланылған. Олардың аңға шыққанда да көп пайдасы тиіп отырған. Ақын Мұрат Мөңкейұлының (1843-1906 жылдар) дастанында мынадай шумақ бар:

*Дауылпаз* соқса астынан  
Желбегей күрең атпенен,  
Бауыры шұбар, сырты көк  
Қаршыға құсқа жарасар.

Дауылпаздың халық тұрмысында кеңінен пайдаланылғанын біздер Ақан сері Қорамсаұлының (1843-1913 жылдар), Шәңгерей Бөкеевтің (1847-

1920 жылдар), Хұсайын Тәкежановтың (1886 жылы туған) дастандарынан, басқа да көптеген ақындардың өлең-жырларынан көреміз. Бұл аспап атауы өткен ғасырда жарияланған этнографиялық еңбектерде де жиі ұшырасады. Солардың бірінде: «Толумбас – литавраның қарадүрсін бір түрі» делінген [3, 145-146 бб.].

Бұл аспап түріне байланысты анықтамалар: «Ағаштан жасалған, шанағының бір беті терімен қапталған қазақтың көне музыкалық аспабы», «Қазақтың музыкалық аспабы. Көбіне аңшылық пен құсбегілікке пайдаланылған. Ағаштан жасалған. Шанағының бір жағы ғана терімен қапталады» немесе «Дауылпаз ағаштан жасалған, шанағының бір беті терімен қапталған қазақтың көне музыкалық аспабы. Көбіне аңшылық пен құсбегілікке пайдаланған. Ағаштан жасалған шанағының бір жағы ғана терімен қапталады...» т.б. 8 еңбекте келтірілген.

Дауылпаздың қол дауылпаз, қанжығалы дауылпаз, қазандауылпаз, нардауылпаз, қосдауылпаз, тұяқдауылпаз деп аталатын түрлері бар.

Халық шеберлері дауылпазды түрлендіріп, қолдануға ыңғайлы етіп дамыта жасау нәтижесінде ел ішінде оның бірнеше үлгі-нұсқасы қалыптасты. Соның бірі – қол дауылпаз. Қол дауылпаздың беті түйенің немесе бұзаудың терісімен қапталады. Дауылпаздың осы нұсқасы қолдануға ыңғайлы болғандықтан өнер топтары арасында сұраныс көп.

Ал *Нар дауылпаз* жетілдіріп жасалған нұсқа. Аспап атауы шанағының үлкен болып бетіне нар түйенің терісі жабылатындықтан нар дауылпаз аталған. Шанағы емен, қайың, жаңғақ, қызыл ағаш секілді ағаштардан құрап жасалады. Бетіне тартылған нар түйенің жарғағы жұқа етіліп керіледі. 1950-ші жылдары ұлт аспаптары оркестрі үшін дамыта жасалған бұл аспаптың жан-жағына теріні керіп немесе босатып тұрағын, сондай-ақ дыбысын жоғарылату немесе төмендету үшін жасалған арнайы темір бұрандалары орнатылған. Ұрып ойнайтын таяқшасы ағаштан жасалады.

*Жетіген*1) «Қазақ халқында ерте заманнан келе жатқан шертпелі музыкалық аспабы. Жеті – ішектің санын көрсетсе, *аған* – арабша «ән» деген сөз, яғни жеті әндететін ішек мағынасында болу керек деседі. Түрлі халықтарда жетіген сияқты шертпелі музыкалық аспаптар бар. Мысалы, қалмақ халқында – *ятга*, тува халқында – *чадаған*, хакас халқында – *чатхан*, татарларда – *етіган*, қарағас халқында – *чатыхан* деп атайды. Ерте кезде жетігенді тұтас ағаштан астау тәрізді ойып жасаған» [ҚМТС, 51-52 бб.]; 2) Жеті қыл ішегі бар, байырғы музыкалық аспап. 3) «Қазақтың байырғы шертпелі аспабы, ертедегі нұсқасы тұтас ағаштан астау тәрізді ойып жасалған. Ойылған жағы ашық тегіс бетінде жеті қыл ішегі бар. Содан жетіген аталған. Тиек орнына асық қойылған. Орындаушы сазына қарай, тиектерін (асықтарын) әрлі-берлі жылжытып, күйеге келтіретін болған...[ҚСЭ, 428 б.];

Т.Б. Жаубасова өз еңбегінде жетіген аспабына байланысты: «Тілдік тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тілінде жатаған емес, жетіген болып қалыптасқан осы атаудың түбірі «*жат*» екенін осы туыс тілдердің деректерімен салыстыра отырып анықтау қиын емес. Мысалы: байырғы түркі

тілдерінің бірі – хакас тілінде бұл аспап – *чатхан* деп аталады. Егер осы атау жеті түбірінен туындаған болса, онда ол «*читіген*» болған болар еді, өйткені бұл тілде *жеті* – *читі* түрінде беріледі. Сондықтан да олар (хакастар) *жетіқарақшы* жұлдызын чидіген деп атайды. Көне түркі тілдерінде де жат-түбіриат-(иет емес) түрінде кездеседі. Сонымен, біз кейбір ішкі-сыртқы фонетикалық себептерге байланысты *жат* түбірінің жіңішкеріп, *жет* түбіріне ауысып, жетіген аспабының атауына айналуының басты себебін сол аспаптың ойналу тәсілінен, яғни жатқызып ойналуына байланысты деп топшылаймыз. Оның екі түрлі себебі бар, біріншісі – *жат* > *жатқызу* үдерісі де, екіншісі – қазақ тілінде *сүзеген, тебеген, алаған, береген, жатаған* (түбір етістіктің мағынасына бейім) тәрізді сөзжасам үлгісі болуы дәлелдей түседі. Сөйтіп, *жетіген* атауы түркі тілдеріндегі *жатаған // чатхан // чадыған // чатыхан // чыдыған // ятиған* т.б. – бір қатардағы, түбірлес сөздер» – деп көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жәкішева З. Аспаптану. – Алматы, «Қазақ тарихы», 2012.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, «ДайкПрес», 2008.
3. Б.Сарыбаев, «Қазақтың музыкалық аспабы», Алматы, «Өнер», 1981 жыл, 145-146 бб.
4. Жаубасова Т.Б. Қазақ ұлттық музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 2006.

## ЖҰМБАҚ – ҚАЙ ЕЛДІҢ БОЛМАСЫН ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЫ

Уәлибекова Ә.Б. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Сүлейменова Э.Д.

Барлығымыз білетіндей, жұмбақ – кез келген елдің ауыз әдебиетінің ажырма бөлшегі. Ол – ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму үстінде келе жатқан, барлық елдің ауыз әдебиетіне ортақ фольклорлық жанр.

Адамды адам ететін – тіл. Ел басымыз, Н.Ә. Назарбаев, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын [1, 7-б.]. Сол себепті, бұл мақаланы жазбас бұрын біз осы үш тілдегі жұмбақтарды жинақтап, 6-8 жас аралығындағы мектеп оқушыларымен эксперимент жүргізген болатынбыз.

Осы тұста экспериментке неге жұмбақ алынды деген сұрақ туындауы мүмкін. Жұмбақты алған себебіміз, біріншіден жұмбақ – ең қызықты фольклорлық жанр болғанымен қатар, екіншіден балалар үшін де ең сергіткіш жаттығу құралы ретінде қолданылатындықтан да біз жұмбақтарды